

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 28 қыркүйектегі N 960

Жылумен жабдықтау жөніндегі жағдайды тұрақтандыру және шағын және орташа қалаларды 1998-1999 жылдың күзгі-қысқы кезеңіне дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше жағдайларды жою жөніндегі шараларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан Степногор жылу электр орталығын жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру және оны 1998-1999 жылдың күзгі-қысқы жағдайларындағы тұрақты жұмыс істеуге дайындау үшін Ақмола облысының әкіміне 125500 мың (жүз жиырма бес миллион бес жүз мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі